

Мәслихаттың 2013 жылғы 2 қазандағы № 106 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 205 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қаңтарда № 5307 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2016 жылғы 5 шілдедегі № 43 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 05.07.2016 № 43 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және 2-3-тармағына сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 2 қазандағы № 106 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4233 тіркелген, 2013 жылғы 17 қазанда "Әуликөл" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

7-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай, 150 000 теңге мөлшерінде".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Он екінші
сессияның төрағасы
Аудандық
мәслихаттың хатшысы*

Д. Қойшыбаев

А. Бондаренко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК